

2021-2024 жылдарға арналған Ақтөбе облысы Темір ауданы Кеңкияқ жалпы орта
мектебі мен мұғалімдер мен жұмысшы қызметкерлерінің кәсіподақ комитеті арасындағы
Ұжымдық шартына
№ 1 қосымша келісім шарт

2023ж. «13» ақпан

Кеңкияқ ауылы

1. №1 қосымша келісім шарт негізінде Ұжымдық шарттың тараптары өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы келісімге келді .
(өзгертілген және толықтырылған тараптарының толық мәтіні қосымша 1 бетте көрсетілген).
2. Осы қосымша келісім қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді және Ұжымдық шарттың қолданылу мерзіміне сәйкес қолданылады .
3. Осы қосымша 2021 -2024 жылдарға арналған Ұжымдық шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.
4. Ұжымдық шарттың қосымша келісімінде айтылмаған барлық өзге де талаптары өзгеріссіз қалады.
5. Осы қосымша келісім қазақ тілінде 3 дана жасалды. Барлық даналар ұқсас және бірдей күшке ие.

Кеңкияқ жалпы орта білім беретін
мектебінің директоры

З.А.Бтеналина



Бастауып кәсіподақ
ұйымының төрайымы
Ж.Ж.Бегимбетова



2021 -2024 жылдарға арналған Ақтөбе облысы Темір ауданы Кеңкияк жалпы орта білім беретін мектебінің Ұжымдық шартына
№ 1 қосымша келісім шарт

2023ж. «13» ақпан

Кеңкияк ауылы

Кеңкияк жалпыорта білім беретін мектебі бұдан әрі «Жұмыс беруші» деп аталатын, Жарғы негізінде әрекет ететін мектеп директоры З.А.Бтеналинажәне бұдан әрі «Қызметкерлер» деп аталатын кәсіпорын қызметкерлерімен кәсіподақ комитетінің төрайымы Ж.Ж.Бегимбетова, екінші жағынан, бірлесіп «Тараптар» деп аталатын, тараптар арасында 2021-2024 жылдарға Кеңкияк жалпы орта мектебінің Ұжымдық шартын назарға ала отырып Ұжымдық шарттың 1.2. тармағын басымылыққа ала отырып төмендегі мән-жайлар бойынша Ұжымдық шартқа қосымша келісім шарт жасастық:

Жүргізілген келіссөздер негізінде тараптардың ұжымдық шартына төмендегідей өзгерістер мен толықтырулар енгізуді шешті:

1.1.«Еңбек шарты. Еңбек шартын жасау және бұзу кезіндегі қызметкерлердің кепілдіктері» 2 бөліміндегі 2.10. тармағының б) тармақшасы төмендегі басылыммен толықтырылсын:

«Бала күтіміне кеткенге дейінгі жүктемесі сақталсын».

1.2.«Жұмыс уақыты және тынығу уақыты» 5 бөліміндегі 5.18.9 тармағы төмендегідей басылымға толықтырылсын:

Жыл сайынғы ақы төленетін негізгі еңбек демалысының ұзақтығы ҚР Еңбек кодексінің 88 бабымен айқындалады.

Тараптар келесі қызметкерлерге ақылы еңбек демалыстарына 6 күн қосуды келісті:

- кітапханашылар;
- бас бухгалтерлер;
- бухгалтерлер;
- эконимистер;
- зертханашылар;
- хатшылар, іс-жүргізушілер».
- барлық кіші қызметкерлерге .

1.3.«Кепілдіктер мен өтемақы» 7 бөлімінің 7.8 тармағына «Жұмыс беруші, күзгі, қысқы, көктемгі, жазғы каникул кездерінде, оқытушылық жұмысы және кәсіподақ өміріне белсенді қатысқаны үшін сыйақы ретінде Қазақстан Республикасының санаторийлерінде денсаулықты жақсарту үшін жіберілген мұғалімдердің жалақысын және жұмыс орнын сақтауға міндеттенеді» деген басылыммен толықтырылсын.

1.4. 2021-2024 жылдарға арналған Әлеуметтік әріптестік туралы салалық келісімнің 5.16 тармағы негізінде **«Еңбекке ақы төлеу және еңбекті нормалау»** 6 бөлімдегі 6.22 тармағына «Бастауыш әскери дайындық жөніндегі оқытушы ұйымдастырушылардың (алғашқы әскери және технологиялық дайындық оқытушы-ұйымдастырушылар) айлық жалақысы, лауазымдық айлықақы және апталық жүктеме бойынша нақты оқу сағатына жалпы негізде есептелген ақыдан құралады» деген басылыммен толықтырылсын.

1.5. «Жұмыс уақыты және тынығу уақыты» 5 бөлімінің 5.18.11 тармағына

«Жалпы орта білім беру ұйымдары жанындағы мектепке дейінгі дайындық сыныптар тәрбиешісінің жалақысы сыныптағы оқыту сағаттарының санына қарамастан бір сынып үшін бір ставка мөлшерінде аптасына - 24 сағатқа есептеледі» деген басылыммен толықтырылсын.

1.6. «Еңбекке ақы төлеу және еңбекті нормалау» 6 бөліміндегі 6.22. тармағына төменде көрсетілген басылыммен толықтырылсын: «Төтенше жағдай режимі жарияланған кезеңде тараптардың кінәсінен емес бос тұрып қалу төлемі, тұрып қалудың алдындағы толық жалақысы мөлшерінде және оның барлық қолданулы кезеңіне жүргізілсін».

1.7. . «Кепілдіктер мен өтемақылар» 7 бөліміндегі 7.9 тармағына «Әскери қызметке шақырылуға жататын қызметкерлердің, жергілікті әскери басқару органдарынан шақырту құжаты болған жағдайда, медициналық комиссия тексерісінен өткен кезде, жұмыс орны, лауазымы, жалақысы сақталады, ал міндетті әскери қызмет мерзімінде жұмыс орны сақталады» деген басылыммен толықтырылсын.

1.8. «Кәсіптіктер мен өтемақы» 7 бөліміндегі 7.10. тармағы «Қызметкерлердің тегін міндетті алдын ала және мерзімді медициналық тексеруден өтуі (жылына 1 рет флюорография, 6 ай сайын бактериологиялық және зертханалық зерттеу, санминимум) кезінде олардың жұмыс орындары (лауазымдарын) мен ортаңа жалақыларын сақтауды қамтамасыз етуге» деген басылыммен толықтырылсын.

1.9. «Кәсіподақ қызметінің кәсіптіктері» 10 бөліміндегі 13 тармағы «Қызметкерлерді аттестаттау кезінде кәсіподақтан берілген сыйақы мен марапаттар ескеріледі» деген басылыммен толықтырылсын.

1.10. «Кәсіподақ қызметінің кәсіптіктері» 10 бөліміндегі 14 тармағы төменде көрсетілген басылымға өзгертілсін:

- Сауықтыру орталығына кәсіподақ мүшесі болып табылатын жұмыскер бара алады;
- Жыл қорытындысы, жетістігі нәтижесінде бір және бес жыл еңбек өтілі бар кәсіподақ мүшесін аудандық, бес және он жыл еңбек өтілі бар кәсіподақ мүшесін облыстық, оннан жоғары еңбек өтілі бар кәсіподақ мүшесін республикалық кәсіподақ ұйымының марапаттарына ұсына алады;
- Марапаттау мониторингпен ретімен және әр марапат жетістік нәтижесімен арасы екі жыл;
- Бір жылдан жоғары еңбек өтілі бар әр кәсіподақ мүшесі сауықтыру орталығына 30 % барады;
- Қазақстан өңіріндегі шипажай құнының 30 пайызы 200000 (екі жүз мың) тенгеге дейін төленеді;
- Әр кәсіподақ мүшесі жаңа жылдық сыйлық беріледі. (Бала күтімі демалысында отырған кәсіподақ мүшесіне 3 жыл бойы)
- Мерейлі 50 жас, 60 жас, зейнекерлікке шығу уақыты марапатталады
- Жыл қорытындысы, жұмыс жетістігі нәтижесінде бес жылдан жоғары еңбек өтілі бар педагогті аудандық кәсіподақ ұйымының есебінен сауықтыру орталығына жіберу мүмкіндігі;
- Жыл қорытындысы, жұмыс жетістігі нәтижесінде жеті жылдан жоғары еңбек өтілі бар кіші қызметкерді аудандық кәсіподақ ұйымының есебінен сауықтыру орталығына жіберу мүмкіндігі;
- Сауықтыру орталығына толық аудандық кәсіподақ ұйымының есебінен барған кәсіподақ мүшесі білім беру мекемесінің барлық кәсіподақ мүшелері сауықтыру орталығына толық аудандық кәсіподақ ұйымының есебінен қамтылып болғаннан кейін немесе бес жылдан кейін қайта баруға мүмкіндік бар;
- Мейірімділік көмек (кайтқан уақытта) кәсіподақ мүшесінің ата-анасы, жолдасы, баласына беріледі.
- Денсаулығына байланысты кәсіподақ мүшесі болып табылатын еңбек адамына беріледі. (Кесір тілігі, тіс емдеу, түсік жасатуға т.б. жеңіл ауру бойынша берілмейді, денсаулығына байланысты ота жасату анықтама негізінде мейірімділік көмек жылына 1 рет беріледі)

1.11. Қызметкерлердің еңбек шартын келесі тармақпен толықтыру: (еңбекке ақы төлеу және еңбекті нормада) 6 бөлімдегі 6.5.6 тармағына қосымша тармақшалармен толықтырылсын.

5. Қашықтықтан жүргізілетін еңбекке ақы төлеу еңбек шарты тараптарының келісімімен, бірақ қалыпты жағдайда жұмысты жүзеге асыратын аталған мамандық қызметкерлері үшін белгіленген еңбекақы мөлшерінен кем емес мөлшерде анықталады.

6. Уақытша қашықтықтан жұмыс кезінде жалақы еңбек шартымен немесе келісіммен келісілген жұмыс көлемін сақтау кезінде толық мөлшерде төленеді.

7. Қашықтықтан жұмыс жасайтын қызметкерлер үшін жұмыс уақытының тіркелген есебі белгіленіп, оны бақылау ерекшелігі еңбек шартында немесе еңбек тәртіптемесінің ережелерінде анықталады.

8. Егер жұмысты орындау жұмыс берушімен нақты уақытпен тіркелмеген жағдайда, жұмыс уақыты еңбек шартымен белгіленген жұмыс көлемін орындау ретінде жұмыс уақытын есепке алу құжатында белгіленеді. Қызметкер мен жұмыс беруші еңбек шартымен белгіленген жұмыс уақыты шегінде қашықтықтан жұмыс істейтін қызметкермен жұмысты орындаудың нақты уақытын көздейтін өзара іс-әрекет тәртібін белгілейді. Өзара іс-әрекет тәртібінде қызметкердің жұмыс берушінің қонырауына, электрондық хаттарға және сұраныстарына қызметкер жұмысты орындаумен байланысты жұмыс берушінің сұраныстарына жауап беруге міндетті мерзімдегі міндеті көзделген. Қызметкер өзара іс-әрекет тәртібімен белгіленген уақыттан тыс жүзеге асырылатын жұмыс берушінің сұраныстарына жауап беруге міндетті емес.

Ұжымдық шарттың осы қосымша келісімде айтылмаған барлық өзге де талаптары өзгеріссіз қалады.

Осы қосымша келісімге қол қойған күннен бастап күшіне енеді және Ұжымдық шарттың қолданылу мерзіміне сәйкес қолданылады.

Осы қосымша 2021 - 2024 жылдарға арналған Ұжымдық шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

Осы қосымша келісім қазақ тілінде үш данада жасалды. Барлық даналар бірдей және бірдей күшке ие. Әрбір тарапта осы қосымша бір-бір данадан болады.

Тараптардың қолтаңбалары

Кенкияқ жалпы орта білім беретін
мектебінің директоры
З.А. Бтеялима



Бастауыш кәсіподақ
ұйымының төрайымы
Ж.Ж. Бетимбетова



Ақтөбе облысының
еңбек инспекциясы жөніндегі
басқармасынан
мониторингтен өтті

№ 9

« 17 » 02 2023 ж.